



Қазақстан Республикасы Экология,  
геология және табиғи ресурстар  
министрлігі Су ресурстары комитеті  
төрағасының 2022 жылғы «02»  
желтоқсан № 217-Н бұйрығымен

БЕКІТІЛГЕН

**«Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
ЖАРҒЫСЫ**

Астана қаласы  
2022 жыл



СУ РЕСУРСТАРЫ  
КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ ПО  
ВОДНЫМ РЕСУРСАМ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

*02.12.2022*

Нұр-Сұлтан қаласы

№ *214-Н*

город Нур-Султан

**«Қазақ су шаруашылығы ғылыми  
-зерттеу институты» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігінің жарғысын  
жана редакцияда бекіту туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі №479 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі № 232 қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2020 жылғы 2 желтоқсандағы № КГИП-03-КГ/10005 хатының негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған «Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысы жаңа редакцияда бекітілсін.

2. «Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға



Н. Ж. Алдамжаров

## 1-бөлім. Жалпы ережелер

1.«Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты»жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Серіктестік) осы Жарғысы (бұдан әрі – Жарғы) заңды тұлға ретінде Серіктестіктің құқықтық мәртебесін айқындайды.

2. Серіктестіктің атауы:

мемлекеттік тілде:

толық атауы: «Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

қысқартылған: «Қазақ су шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС;

орыс тілінде:

толық: Товарищество с ограниченной ответственностью «Казахский научно-исследовательский институт водного хозяйства»;

қысқартылған: ТОО «Казахский НИИ водного хозяйства»;

ағылшын тілінде:

толық: «Kazakh Scientific Research Institute of Water Economy» Limited Liability Partnership;

қысқартылған: «Kazakh SRI of Water Economy» LLP.

3. Серіктестіктің құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тұлғасында Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11, БСН 980240000950, БСК ККМФКЗ2А, ЖСК KZ 92070101KSN0000000, мекенжайы бойынша орналасқан.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі №479 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі № 232 қаулысына сәйкес Серіктестіктің жарғылық капиталындағы мемлекеттік қатысу үлесін иелену және пайдалану құқығын Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, ММ Коды 2070004, БСН 910640000040, БСК ККМФКЗ2А, ЖСК KZ92070101KSN0000000, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ мекенжайында орналасқан Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті (бұдан әрі – Жалғыз қатысушы) жүзеге асырады.

4. Серіктестіктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, 080003, Тараз қаласы, Қолбасшы Қойгелді көшесі, 12 үй.

5.Серіктестік қызметінің мерзімі шектелмеген.

## 2-бөлім. Серіктестіктің заңды мәртебесі

6. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқығына ие болады.

7. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының еңге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі – Заңнама), сондай-ақ осы Жарғыға (бұдан әрі – Жарғы) сәйкес жүзеге асырады.

8. Серіктестіктің мөрі, дербес балансы, банктерде есеп айырысу және өзге де шоттары, өз атауы бар фирмалық бланкілері болады.

9. Серіктестік өз қызметінің мақсаттарына қол жеткізу үшін өз атынан мәмілелер жасасуға, оның ішінде кредит шарттарын, қаржы лизингі шарттарын және банктердің қатысуымен өзге де шарттар жасасуға, мүлдік және жеке мүлдік емес құқықтарды сатып алуға, міндеттер атқаруға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

10. Серіктестік өзінің орналасқан жерін ауыстырған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеліміне қажетті өзгерістер енгізу үшін Серіктестік бұл туралы оны мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға және Серіктестіктің жаңа орналасқан жері бойынша заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға хабарлауға міндетті.

11. Серіктестік Қазақстан Республикасының аумағында және шет елдерде филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (қосықтарға) кіруге, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалардың құрылтайшысы болуға құқылы. Серіктестік мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға өзінің филиалдарының құрылғаны және өкілдіктірінің ашылғаны туралы, сондай-ақ олардың орналасқан жерлері туралы хабардар етуге міндетті.

12. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлдікпен жауап береді және өзінің Жалғыз қатысушысының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

13. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және зиян келтіру тәуекелін көтереді, Серіктестік қызметіне байланысты салымдардың құны шегінде жүзеге асырады.

## 3-бөлім. Серіктестік қызметінің мақсаты және түрлері

14. Серіктестік қызметінің мақсаты - су ресурстарын кешенді және интеграциялық пайдалану және еліміздің су қауіпсіздігін қамтамасыз ету контекстінде су саласының тиімді және тұрақты дамуын қамтамасыз ететін ғылыми, жобалық-конструкторлық және білім беру қызметін жүзеге асыру болып табылады.

15. Серіктестік қызметінің негізгі түрлері:

- 1) Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет (ЭҚЖЖ-74909);
- 2) агроөнеркәсіптік кешен саласында білімді тарату және беру бойынша консультациялық қызметтер көрсету (ЭҚЖЖ – 85599);
- 3) агроөнеркәсіптік кешенде оқыту семинарларын, тренингтер, дөңгелек үстелдер, конференциялар және өзге де іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу (ЭҚЖЖ 85599).

Қызметтің негізгі түрлерін жүзеге асыру, сондай-ақ өз миссиясын, алға қойылған мақсаттары мен міндеттерін орындау шеңберінде Серіктестік жасадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік тапсырыс шеңберінде мелиорация және су шаруашылығы саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізеді;
- 2) Қазақстан Республикасының мелиорациясы мен су шаруашылығын қамтамасыз ету мен орнықты дамытуды ғылыми қамтамасыз ету болып табылады;
- 3) дербес немесе отандық және шетелдік ұйымдармен бірлесіп ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және жобалау жұмыстарын жүргізеді, инновациялық қызметті жүзеге асырады;
- 4) ғылымды қажетсінетін және импортты алмастыратын өндірістер қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы өнімін, тәжірибелі және аз сериялы техника жасауларын өндіруді және өткізуді жүзеге асырады;
- 5) су, топырақ, өсімдік талдауларының барлық түрлерін орындайды;
- 6) ұзақ және қысқа мерзімді тәжірибелерде алынған эксперименттік деректер негізінде агрохимиялық құралдардың ауыл шаруашылығы саласындағы қолданбалылығына, өнім сапасына және топырақ құнарлылығына жері бойынша зерттеулер жүргізу;
- 7) біліктілігі жоғары ғылыми кадрлар даярлауды, аграрлық сектор, Мелиорация және су шаруашылығы мамандары мен жұмыскерлерінің біліктілігін арттыруды және тағылымдамасын ұйымдастырады және жүргізеді;
- 8) су шаруашылығының ең маңызды ғылыми проблемалары бойынша пікірталастарды, кеңестерді, конференцияларды, симпозиумдар мен семинарларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысады;
- 9) Қазақстан Республикасының мелиорациясы мен су шаруашылығын дамытудың мемлекеттік басымдықтары жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
- 10) ғылыми-техникалық қызметті дамыту мақсатында халықаралық ынтымақтастықты дамыту бойынша жұмыс жүргізеді;
- 11) су шаруашылығы және мелиорация саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін тәжірибелік-өндірістік тексеруді және енгізуді жүргізеді;
- 12) Қазақстан Республикасындағы агроөнеркәсіптік кешен жағдайларына қатысты озық шетелдік технологияларды бейімдеу (трансферттеу) жөніндегі жұмыстарды орындайды;
- 13) бюджеттік бағдарламалар шеңберінде қызметтер көрсету, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізу бойынша мемлекеттік тапсырысты орындау;

16. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасында лицензиялау көзделген қызмет түрлері мен іс-әрекет түрлерін жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіппен лицензиялар сатып алады.

#### 4-бөлім. Серіктестіктің жарғылық капиталы және мүлкі

17. Серіктестіктің жарғылық капиталы: 133 499 740 (жүз отыз үш миллион жүз жүз тоқсан тоғыз мың жеті жүз қырық) теңге 86 тиынды құрайды.

18. Тіркеу кезінде Серіктестіктің жарғылық капиталын Жалғыз қатысушы тыйыммен қалыптастырған.

19. Акша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, оның ішінде жер пайдалану құқығы мен интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқық және өзге де мүлік Серіктестіктің жарғылық капиталына салым бола алады. Салымды жеке мүліктік емес құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде енгізуге жол берілмейді.

20. Жарғылық капитал Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімі бойынша ұлғайтылуы мүмкін:

- 1) Жалғыз қатысушы жүргізетін қосымша салымдар;
- 2) Серіктестіктің меншікті капиталы есебінен, оның ішінде резервтік капиталы есебінен жарғылық капиталдың мөлшерін ұлғайту;
- 3) Серіктестік құрамына жаңа қатысушылар қабылданған жағдайларда жіктелі алады.

Шешімді Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы қабылдайды.

21. Жарғылық капиталды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі мөлшерден кем азайтуға жол берілмейді.

22. Серіктестік өзін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға жарғылық капиталды ұлғайту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш ай ішінде жарғылық капиталдың ұлғайтылғаны туралы хабарлауға міндетті. Хабарлау сәтіне жарғылық капитал ұлғайтылатын соманың кемінде қатысушының сомасына салымдар енгізілуге тиіс.

23. Серіктестіктің жарғылық капиталын өзгерту (ұлғайту немесе азайту) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырылады.

24. Серіктестіктің мүлкі оның жалғыз қатысушысының салымдары, Серіктестік алған кірістер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады. Серіктестік қаржылық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасындағы, шетелдік банктердегі немесе басқа да сыртқы ұйымдарындағы қарыздар түрінде теңгемен және/немесе шетел валютасымен қаржыландыруды тартуға құқылы.

Заң актілерінде немесе Серіктестіктің құрылтай құжаттарында резервтік капиталды және басқа қорларды құру көзделуі мүмкін.

25. Мүлік меншік құқығымен Серіктестікке тиесілі және оның бағасында ескеріледі.

## 5-бөлім. Серіктестік органдары

26. Серіктестік органдары:

- 1) жоғары органы – Жалғыз қатысушы;
- 2) Серіктестіктің Байқаушы кеңесі (әрі қарай -Байқаушы кеңес);
- 3) ревизиялық комиссия (ревизор);
- 4) атқарушы органы – Серіктестіктің Бас директоры (әрі қарай – Бас директор).

27. Серіктестік органдарының құзыреті, сондай-ақ олардың Серіктестік атынан шешім қабылдау немесе сөз сөйлеу тәртібі Заңмен, басқа да заңнамалық актілермен және Жарғымен айқындалады.

## 6-бөлім. Жалғыз қатысушының құқықтары мен міндеттері

28. Жалғыз қатысушы құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жарғыда көзделген тәртіппен серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;
- 2) Серіктестік қызметінен табыс алуға, таза табысты бөлуге қатысуға;
- 3) Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Серіктестіктің қаржылық есептілігімен, бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға;
- 4) Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысудан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе осы мүліктің бір бөлігін зағтай алуға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өз үлесін иеліктен шығару жолымен серіктестікке қатысуды тоқтатуға;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында және серіктестіктің жарғысында көзделген олардың құқықтарын бұзатын Серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға;
- 7) өз есебінен қаржылық есептілік аудитін жүргізуді талап етуге міндетті.
- 8) Жалғыз қатысушының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға бастамашылық жасауға құқылы.

29. Жалғыз қатысушының Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

30. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы:

- 1) Серіктестік Жарғысының талаптарын сақтауға міндетті;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімдерде серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар енгізуге;
- 3) Серіктестік коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;
- 4) атқарушы органға атауының, орналасқан жерінің, мекенжайының, банк деректемелерінің өзгергені туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

## 7-бөлім. Жалғыз қатысушының айрықша құзыреті

31. Серіктестік қатысушының талабы бойынша серіктестіктің өз қатысушысының мүдделерін қозғайтын қызметі туралы ақпарат беруге міндетті.

32. Серіктестіктің жалғыз қатысушысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелерді шешу жатады:

1) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша осы Жарғыға оның жарғылық капиталының, орналасқан жерінің және фирмалық атауының мөлшерін өзгертуді қоса алғанда, өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе серіктестіктің жарғысын жаңа редакцияда бекіту;

2) Серіктестіктің Бас директорын және Бас директордың орынбасарларын тағайындау, Бас директорды және оның орынбасарларын тәртіптік жауаптылыққа тарту, олардың өкілеттік мерзімін айқындау, сондай-ақ Бас директордың және оның орынбасарларының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестікті немесе оның мүлкін жалға немесе сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай беру шарттарын айқындау, келісім бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен;

3) Бас директордың лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

4) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша Байқаушы кеңесінің және (немесе) тексеру комиссиясының (тексерушінің) өкілеттіктерін сайлау және мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ серіктестіктің тексеру комиссиясының (тексерушінің) есептері мен қорытындыларын бекіту;

5) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша жылдық қаржылық есептілікті бекіту және таза табысты бөлу;

6) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау;

7) Серіктестіктің Жарғысымен бекітілуі Байқаушы кеңесі бекітетін ішкі құжаттардың тізбесі негізінде Серіктестіктің бас директорының және Байқаушы кеңесінің құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі қағидаларды, оларды қабылдау рәсімдерін және басқа да құжаттарды бекіту;

8) Байқаушы кеңесі туралы ережені бекіту;

9) Серіктестіктің тексеру комиссиясының (ревизорының) жұмыс тәртібін бекіту;

10) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

11) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім;

12) Серіктестіктің жалғыз қатысушысына серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібі мен мерзімдерін бекіту;

13) Серіктестік активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Серіктестік иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) нәтижесінде Серіктестік мәміле жасасуды немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын мақұлдау туралы шешім қабылдау;

14) Жалғыз қатысушы Серіктестіктің қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға қабылдауға құқылы;

15) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Байқау кеңесі қабылдаған шешімдердің күшін жою;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген өзге де мәселелер.

33. Жалғыз қатысушы қабылдайтын шешімдер жазбаша ресімделеді.

### **8-бөлім. Байқаушы кеңес**

34. Серіктестіктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыру үшін Жалғыз қатысушының шешімімен Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Байқаушы кеңесі қалыптастырылады.

35. Байқаушы кеңесі жалғыз қатысушы сайлайтын кемінде 3 (үш) мүшенің құрамында екі жылдан аспайтын мерзімде құрылады. Серіктестік қызметкерлері Байқаушы кеңесінің мүшелері бола алмайды.

36. Байқаушы кеңесі Жалғыз қатысушыға есеп береді және оның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады.

37. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің құрамына жалғыз қатысушының және мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның өкілдері кіреді. мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Байқаушы кеңесінің мүшелеріне, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға сыйақы төленбейді.

38. Байқаушы кеңесінің торағасын Байқаушы кеңесінің мүшелері арасынан жалғыз қатысушы сайлайды.

39. Байқаушы кеңесінің мүшелері Серіктестік пен оның жалғыз қатысушысының мүддесі үшін әрекет етуге міндетті.

40. Байқаушы кеңесінің құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Серіктестік қызметінің басым бағыттарын айқындау;

2) жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту және есепті кезеңнің қорытындылары бойынша Серіктестік алған таза табысты бөлу тәртібі туралы жалғыз қатысушыға ұсыныстар енгізу;

3) Жалғыз қатысушының қарауына Серіктестіктің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

4) нәтижесінде Серіктестік активтерінің баланстық құнының қалиы мөлшерінің оннан елу пайызына дейінгі сомаға мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын Серіктестіктің мәміле жасауы немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығында шешім қабылдауы;

5) Серіктестіктің жыл қорытындысы бойынша қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты қарау;

6) Серіктестіктің ұйымдық құрылымы мен штат санын бекіту;

7) тізбесін Байқаушы кеңесі бекітетін серіктестіктің ішкі құжаттарын бекіту;

8) Серіктестіктің даму жоспарын және оның орындалуы жөніндегі есепті Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, белгіленген тәртіппен атқарушы орган әзірлеген және ұсынған мерзімдерде бекіту;

9) Серіктестіктің жалғыз қатысушысына Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізілген тексерулердің нәтижелері туралы ақпарат беру;

10) Байқаушы кеңесі хатшысын тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Байқаушы кеңесі хатшысының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті құру, өкілеттік мерзімін, құзыретін және оның қызмет тәртібін айқындау, комплаенс-офицерді тағайындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ оның лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау, есептерді және қызметті бағалау нәтижелерін қарау;

12) заңнамада және осы Жарғыда көзделген өзге де мәселелер.

41. Байқаушы кеңесінің отырыстары, егер оған оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, заңды болады. Кворумды және дауыс беру нәтижелерін айқындау кезінде Байқаушы кеңесінің отырысында болмаған Байқаушы кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі ескеріледі.

42. Байқаушы кеңесінің төрағасы Байқаушы кеңесінің жұмысына басшылық жасайды, Байқаушы кеңесінің отырыстарын өткізуді ұйымдастырады, оларға төрағалық етеді және отырыстардың хаттамаларына қол қояды және Байқаушы кеңесінің шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

43. Байқаушы кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Байқаушы кеңесі қарайтын мәселелер бойынша шешімдер Байқаушы кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Байқаушы кеңесінің төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

44. Дауыс беруден қалыс қалған не күн тәртібі мәселесі бойынша қабылданатын шешімге қарсы дауыс берген Байқаушы кеңесінің мүшесі жазбаша негіздеме ұсынады. Мұндай негіздемені Байқаушы кеңесінің хатшысы Байқау кеңесінің шешіміне қоса тіркейді.

45. Байқаушы кеңесі төрағасының қалауы бойынша Байқаушы кеңесінің оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады.

46. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің хатшысы Байқаушы кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған танысу үшін Серіктестіктің Байқаушы кеңесі отырысының хаттамасын беруге және (немесе) оған серіктестіктің Байқаушы кеңесі хатшысының қолымен және Серіктестіктің мөр бедерімен расталған хаттамадан үзінді көшірме беруге міндетті.

47. Байқаушы кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Байқаушы кеңесінің шешімі бойынша Байқаушы кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

48. Байқаушы кеңесі қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет байқау кеңесі төрағасының, Бас директордың не Байқаушы кеңесінің кез келген мүшесінің бастамасы бойынша шақырылады. Шақырылым Байқаушы кеңесінің төрағасына шақыру туралы жазбаша өтініш арқылы жүзеге асырылады.

49. Егер бұл туралы шешім Байқаушы кеңесінің отырысына қатысушы мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданса, Байқаушы кеңесі өз бастамасы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда Жалғыз қатысушының құзыретіне жатқызылған мәселелерді жалғыз қатысушының қарауына шығаруға құқылы.

### **9-бөлім. Ревизиялық комиссия (ревизор)**

50. Серіктестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін ревизиялық комиссия құрылуы мүмкін.

Егер аталған комиссия мүшелерінің көп саны Серіктестік Жарғысында көзделмесе, Ревизиялық комиссия бес адамнан аспайтын құрамда құрылады.

51. Ревизиялық комиссия немесе Серіктестіктің жеке-дара ревизорын Серіктестіктің жарғысында айқындалған, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге жалпы жиналыспен сайлайды.

52. Серіктестіктің атқарушы органының мүшелері бір мезгілде Ревизиялық комиссияның мүшелері (ревизор) бола алмайды.

53. Ревизиялық комиссия (ревизор) кез келген уақытта атқарушы органның қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқылы. Ревизиялық комиссия (ревизор) осы мақсат үшін Серіктестіктің барлық құжаттамасына сөзсіз қол жеткізу құқығына ие. Ревизиялық комиссияның (ревизорының) талабы бойынша атқарушы органның мүшелері қажетті түсіндірмелерді ауызша немесе жазбаша түрінде беруге міндетті.

54. Ревизиялық комиссия (ревизор) Серіктестіктің қаржылық есептілігіне оларды Жалғыз қатысушы бекіткенге дейін міндетті түрде тексеру жүргізеді. Жалғыз қатысушы ревизиялық комиссияның (ревизорының) не аудиторлық есептің қорытындысынсыз қаржылық есептілікті бекітуге құқысы жоқ.

55. Серіктестіктің ревизиялық комиссиясының (ревизорының) жұмыс тәртібі осы Жарғыда, сондай-ақ Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарда айқындалады.

### **10-бөлім. Бас директор**

56. Серіктестіктің атқарушы органы жалғыз қатысушыға есеп беретін және Байқаушы кеңесіне олардың шешімдерінің орындалуын ұйымдастыратын Бас директор болып табылады. Серіктестіктің Бас директорын жалғыз

қатысушы тағайындаған кезде онымен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі.

57. Серіктестіктің бас директоры Серіктестіктің мүдделерін білдіреді және Серіктестіктің заңнамасында, Жарғысында, ішкі құжаттарында айқындалған Серіктестіктің қызметін қамтамасыз ету үшін оның атынан барлық әрекеттерді жүзеге асырады.

58. Серіктестіктің бас директорының өкілеттіктері:

- 1) мемлекеттік органдарды, соттарды қоса алғанда, ұйымдармен қатынастарда Серіктестіктің өкілеттіктері шегінде серіктестік қызметінің мәселелері бойынша Серіктестіктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес даму жоспарының жобасын және оның орындалуын Серіктестіктің тәртібі мен мерзімдерінде әзірлейді және оны Байқаушы кеңесінің бекітуіне шығарады;
- 3) Серіктестіктің атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттарды, оның ішінде қайта сенім білдіру құқығымен сенімхаттарды береді;
- 4) банк шоттарын ашады;
- 5) Серіктестік қызметкерлеріне қатысты оларды лауазымға тағайындау туралы, оларды ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін айқындайды, лауазымдық айлықақылар мен дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, сыйлықақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Серіктестіктің даму жоспарын және оның орындалуы туралы есептерді әзірлеуді және Байқаушы кеңесіне ұсынуды қамтамасыз етеді;
- 7) өз орынбасарларының және Серіктестіктің басқа да қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;
- 8) осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Серіктестіктің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.
- 9) Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және аталған жұмыс үшін дербес жауапты болады;
- 10) Жалғыз қатысушының, Байқаушы кеңесінің шешімдерін дайындауды және орындауды ұйымдастырады, оларға олардың орындалуы туралы және Серіктестік қызметінің нәтижелері туралы есептерді ұсынады;
- 11) осы Жарғыда, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және оның жоғары тұрған органдары бекіткен Серіктестіктің ішкі құжаттарында айқындалатын құзырет шегінде Серіктестіктің мүлкіне, оның қашалай қаражатын қоса алғанда, билік етеді;
- 12) Серіктестік атынан шарттардың барлық түрлерін жасасады және бұзады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- 13) Серіктестік атынан еңбек шарттарын жасасады және бұзады, Серіктестік қызметкерлеріне қатысты оларды лауазымға тағайындау, ауыстыру және жұмыстан босату туралы бұйрықтар шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін айқындайды, лауазымдық айлықақылар мен дербес үстемеақылардың мөлшерін

белгілейді, сыйлықақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады;

14) бекітілген штат саны мен даму жоспары шеңберінде Серіктестіктің штат кестесін бекітеді;

15) Жалғыз қатысушының немесе Байқаушы кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған өзге де өкілеттіктерді, сондай-ақ оған жалғыз қатысушы берген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

59. Бас директордың өкілеттік мерзімін жалғыз қатысушы айқындайды, бірақ 5 (бес) жылдан аспауға тиіс.

60. Бас директор есептілікті жүргізу мен жүргізудің дұрыстығы мен тәртібін сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

### 11-бөлім. Қаржылық есептілік және аудит

61. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамаға және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалған есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

62. Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит Жалғыз қатысушының бастамасы бойынша да жүргізілуі мүмкін.

Жылдық қаржылық есептіліктің дұрыстығын, сондай-ақ істердің аяқталуы жай-күйін тексеру және растау үшін Серіктестік жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізуге міндетті.

63. Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін бекіту Жалғыз қатысушының шешімімен жүргізіледі.

64. Серіктестіктің аудиті Бас директордың бастамасы бойынша серіктестік есебінен не жалғыз қатысушының талабы бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте жалғыз қатысушы аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы. Жалғыз қатысушының талабы бойынша аудит жүргізілген жағдайда, серіктестік аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) ұсынуға міндетті. Егер Бас директор серіктестікке аудит жүргізуден жалтарса, аудит мүдделі тұлғаның талап қоюы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

65. Серіктестік есепке алу мен есептілікті жүргізу тәртібі мен дұрыстығын сақтағаны үшін заңнамаға сәйкес жауапты болады.

### 12-бөлім. Серіктестікті қайта ұйымдастыру және тарату

66. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (бірігу, қосылу, бөлу, бөлу, қайта құру) және Серіктестікті тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

67. Серіктестікті қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

### **13-бөлім. Серіктестіктің қызметін тоқтату**

68. Жарғының 14-бабында көрсетілген негіздерден басқа, серіктестіктің қызметін тоқтату үшін жағдайлар негіз бола алады:

1) егер жарғылық капиталдың азаюы нәтижесінде оның мөлшері Заңда көзделген ең төменгі мөлшерден аз болса.

2) егер Серіктестіктің жарғылық капиталы Заңда көзделген мерзімдерде құрылмаса.

### **14-бөлім. Қорытынды ережелер**

69. Серіктестік өз қызметінде осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.


70. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі ол құрылған кезде пайда болады және оны тарату аяқталған сәтте тоқтатылады. Айналысуға рұқсат алу қажет болатын қызмет саласындағы заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі осындай рұқсат алынған сәттен бастап туындайды және ол алынған, қолданылу мерзімі өткен немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған сәтте тоқтатылады.

71. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қайта тіркелген кезден бастап күшіне енеді.

**«Қазақ су шаруашылығы ҒЗИ»  
ЖШС-нің бас директоры**

**Е. Тажғалиев**





**УТВЕРЖДЕН**

**Приказом Председателя Комитета  
по водным ресурсам Министерства  
экологии, геологии и природных  
ресурсов Республики Казахстан**

**«02» декабря 2022 г.**

**№ 212-4**

## **УСТАВ**

**Товарищества с ограниченной ответственностью**

**«Казахский научно-исследовательский институт водного хозяйства»**

**г. Астана**

**2022 год**



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.12.2022

Нұр-Сұлтан қаласы

№ 214-М

город Нур-Султан

**Об утверждении Устава товарищества с  
ограниченной ответственностью  
«Казахский научно-исследовательский  
институт водного хозяйства»  
в новой редакции**

В соответствии с подпунктом 1) пункта 2 статьи 177 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», а так же с в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 20 апреля 2022 года №232 «О внесении изменений в постановление Правительства Республики Казахстан от 5 июля 2019 года № 479 «О мерах по реализации Указа Президента Республики Казахстан от 17 июня 2019 года № 17 «О мерах по дальнейшему совершенствованию системы государственного управления Республики Казахстан» и на основании письма Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 2 декабря 2022 года №КГИП-03-КГ/10005, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемый Устав товарищества с ограниченной ответственностью «Казахский научно-исследовательский институт водного хозяйства» в новой редакции согласно приложению к настоящему приказу.

2. Товариществу с ограниченной ответственностью «Казахский научно-исследовательский институт водного хозяйства» в установленном законодательством Республики Казахстан порядке принять соответствующие меры, вытекающие из настоящего приказа.

3. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

Председатель



*Н. Алдамжаров*

Н. Алдамжаров

## Раздел 1. Общие положения

1. Настоящий Устав (далее – Устав) товарищества с ограниченной ответственностью «Казахский научно-исследовательский институт водного хозяйства» (далее – Товарищество) определяет правовой статус Товарищества как юридического лица.

2. Наименование Товарищества:

на государственном языке:

полное: «Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

сокращенное: «Қазақ су шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС;

на русском языке:

полное: Товарищество с ограниченной ответственностью «Казахский научно-исследовательский институт водного хозяйства»;

сокращенное: ТОО «Казахский НИИ водного хозяйства».

на английском языке:

полное: «Kazakh Scientific Research Institute of Water Economy» Limited Liability Partnership;

сокращенное: «Kazakh SRI of Water Economy» LLP.

3. Учредителем Товарищества является Правительство Республики Казахстан в лице Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан (далее – КГИП), расположенного по адресу: г. Астана, проспект Женис, 11, БИН 980240000950, БИК ККМФКZ2А, ИИК KZ 92070101KSN0000000, РГУ «Комитет казначейства Министерства финансов Республики Казахстан».

